

## Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 230 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 5825 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 292 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 11.04.2024 № 292 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6 - қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Риддер қаласының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысының мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Риддер қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Риддер қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Д.Б. Дүйсембаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*


*Ж. Мұратов*

Риддер қаласы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№\_\_\_ қаулысына 1-қосымша


**"№ 12 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды тасымалдаудың схемасы**



- |   |                                                       |
|---|-------------------------------------------------------|
| 1 | - «№12 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| 2 | - Полярная көшесі                                     |
| 3 | - Коноваловка ауылы                                   |
|   | - тура және кері бағыттағы қозғалыс маршруты          |

Риддер қаласы әкімдігінің  
 2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 №\_\_\_ қаулысына 2-қосымша


**"Д. Қонаев атындағы №3 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды тасымалдаудың схемасы**




- |   |                                                                         |
|---|-------------------------------------------------------------------------|
| 1 | - «Д. Қонаев атындағы №3 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| 2 | - Верхняя Хариузовка ауылы                                              |
| 3 | - «Промтех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                        |
| 4 | - Ботаника көшесі                                                       |
|   | - тура және кері бағыттағы қозғалыс маршруты                            |

Риддер қаласы әкімдігінің  
 2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 №\_\_ қаулысына 3-қосымша

**"№16 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды тасымалдаудың схемасы**





- |   |                                                                   |
|---|-------------------------------------------------------------------|
| 1 | - «№16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі             |
| 2 | - 94-квартал                                                      |
| 3 | - 95- квартал                                                     |
| 4 | - «Лениногорский леспромхоз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 5 | - Аэродромное ауылы                                               |
- тура және кері бағыттағы қозғалыс маршруты




Риддер қаласы әкімдігінің  
 2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
 №\_\_\_ қаулысына 4-қосымша

**"№17 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды тасымалдаудың схемасы**



Риддер қаласы әкімдігінің  
 2019жылғы "\_\_\_"\_\_\_\_\_  
 №\_\_\_қаулысына 5-қосымша


**"№9 негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды**



- |   |                                                              |
|---|--------------------------------------------------------------|
| 1 | - «№9 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| 2 | - Ливино ауылы                                               |
|   | - тура және кері бағыттағы қозғалыс маршруты                 |

Риддер қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №  
қаулысына 6-қосымша

**"Шаңырақ" көпсалалы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды тасымалдаудың  
схемасы**



1	- «Шаңырақ» көпсалалы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	- Пригородное ауылы
3	- Коноваловка ауылы
4	- Таловка ауданы
5	- Гавань ауданы
6	- «Лениногорский леспромхоз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
7	- Ульбастрой кенті
	- тура және кері бағыттағы қозғалыс маршруты

Риддер қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ қаулысына 7 – қосымша

## Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Риддер қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес әзірленді.



## 2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі - Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдау заңнамасының талаптарын сақтаумен, өзіне тиесілі автобустарды, шағын автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

4. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында онда лауазымды тұлғалардың, топтар басшыларының, бірге еріп жүрушілердің міндеттерін, маршрутын, мерзімдерін, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды регламенттей отырып, бұйрықпен балаларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді.

5. Тасымалдау қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жол немесе метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың, шағын автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті болдырмайды және бұл туралы ақпаратты тасымалданатын балаларға жеткізу бойынша дереу шара қабылдауы тиіс.

6. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайтын уақытша кедергілердің пайда болуы), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақытының артуына) түзетіледі.

7. Тасымалдаушы балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын әрбір автобуска, шағын автобуска өз қызметкерлерінің ішінен дәрігерге дейінгі көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен, шағын автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші тұлғаларды тағайындайды.

8. Нұсқаманы білім беру ұйымындағы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлға жүргізеді.

9. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

10. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне:

1) сағатына 60 км/сағ артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, сондай-ақ балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын шектейтін немесе жүргізуші жоқ болғанда оның пайдаланылуын болдырмау шараларын қолданбаса, оған өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға рұқсат етілмейді.

11. Еріп жүруші жүргізушіге отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен кейін және автобус, шағын автобустың есіктері толық жабылғаннан кейін отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

12. Еріп жүрушілер көлік құралы жақындаған кезде балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

13. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – жұппен сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың, шағын автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

14. Еріп жүрушілер автобусқа, шағын автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобустың, шағын автобустың қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

15. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының қадағалауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Еріп жүрушілер көлік құралы жақындаған кезде балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топталуына жол бермейді.

16. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

1) салон ішінде тұруына және жүруіне;

2) есіктер мен терезелерге жантаюына;

3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай да болсын өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарлаудан басқа жағдайда жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауына;

11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуына;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

17. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан, шағын автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан, шағын автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың, шағын автобустың алдыңғы бөлігінде болады және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын қадағалайды.

18. Автобустан, шағын автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолмен көтеріп, ал баспалдақтардан түскенде екінші қолымен тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттамау үшін иықпен көтеріп жүретін арқа қоржындары мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

19. Еріп жүрушілер балаларды түсіру кезінде балалардың:

1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүру бөлігі жағынан айналып өтуіне, оған шығуына

;

4) жүру бөлігінің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

20. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың, шағын автобустардың тұрақтау алаңшаларынан бастап еріп жүреді.

3) түсіру орнынан жаяу жүру кезінде олардың Жолда жүру ережесінің жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

21. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сай келетін автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

22. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар, шағын автобустар сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталуы тиіс.

23. Бұл автобустардың, шағын автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылуы тиіс.

24. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға жасы кемінде жиырма бестегі, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жүргізушіге рұқсат етіледі.

25. Екі және одан көп автобустар, шағын автобустар легіне жолда жүру қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен қарастырылған тәртіппен жолда

жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша уәкілетті органның арнаулы автокөліктері ілесіп жүруі тиіс.

### **3. Қорытынды ережелер**

26. Шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК